



# Жоғарғы жүйке жүйесі

# Жоспар

1. Жоғарғы жүйке іс-әрекеті
2. Зерттеу әдістері
3. Шартты рефлексстердің жіктелу
4. Шатты рефлексстің тежелуі
5. Жоғарға жүйке жүйесінің типтері
6. Жарғы жүйке іс-ірекетінің бұзылуы
7. 1-2-ші сигналдық жүйелер

# Жоғарғы жүйке іс-әрекеті

Адам мен жануарлардың үлкен ми сыңарлар қыртысы және оған таяу құрылымдары орталық жүйке жүйесінің жоғары бөлімі болып саналады. Бұл жетекші бөлімнің қызметі-жоғарғы жүйке іс-әрекетінің негізін құрайтын, яғни мінезді бейімдейтін күрделі рефлекстік әсерленісті жүзеге асыру. Алғаш рет орыстың атақты физиологы И.М Сеченов жоғарғы жүйке іс-әрекеттер туралы болжам ұсынды. Оны Павлов нақтылы тәжірбие түрінде дәлелдеді.


## Жоғарғы жүйке іс-әрекеті

```
graph TD; A[Жоғарғы жүйке іс-әрекеті] --> B[Шартсыз рефлекс-жүйке]; A --> C[Шарты рефлекс-жеке];
```

**Шартсыз рефлекс-жүйке** жүйесінің тау біткен түрлік әсерленісі. Организм әс-ірекетінің осы көрінісіне сәйкес, ол барабар тіт іркену әсеріне жауап ретінде тұрақты рефлекстік жолдар ішінде пайда болады.

**Шарты рефлекс-жеке** тіршілік кезінде жүйке жүйесінің иемденген ісерленісі. Ол лайықты рецнптор аппараты арқылы, кез келген сигналдық тітіркенудің әсеріне жауап ретінде, тұрақсыз және өзгергіш рефлекстік жолмен жүзеге асырылады.

Сеченовтың ойларын И.П Павлов ерекше дамытты және нақтылы тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Ол шатты рефлекстер әдісін енгізіп жоғарғы жүйке іс-әрекеті туралы осы заманғы ілімнің ірге тасын қалады.



Павловтың көрсетуі бойынша, ОЖЖ-нің төменгі бөлімінде-қыртысасты, ми бағанында жұлында пайда болатын рефлекстік әсерленістер туа біткен және тұқым қуалайтын тұрақты жүйке жолдарымен орындалады.

# Жоғарғы жүйке іс-әрекетінің зерттеу әдістері:

1. Клиникалық әдісі

2. Алып тастау  
(экстирпация) әдісі

3. Тітіркендіру әдісі

4. Электрофизиологиялық  
әдіс

5. Биохимиялық әдіс

6. Кибернетикалық әдіс

# Шартты рефлексстің жіктелуі

- Рецептор белгісіне қарай шартты рефлексстер **экстрарецептивтік (сыртқы қабылдағыштық)** және **интерорецептивтік (ішкі қабылдағыштық)**
- Тиімділігіне қарай шартты рефлексстер **вегетативтік** және **аспаптық**
- Тітіркендіргіштік түріне қарай **табиғи** және **жасанды**
- Шартты және шартсыз тітіркендіргіштердің қарым-қатынасына және ұштастырылған мерзіміне сәйкес **нақты** және **іліспелі** болып бөлінеді.

# Шартты рефлексстің тежелуі

Орталық жүйке жүйесіндегі тежелуді ашқан орыстың атақты ғалымы И.М.Сеченов тежеудің сыртқы (шартсыз) және ішкі (шартты) түрлері болады

**Шартсыз тежелу**-жүйке жүйесінің туа біткен қасиеті. Ол сыртқы бөтен түрткілер әсерінен мінез актысының кенеттен әлсіреуі немесе басылып қалуы.

**Шартты тежелу**-жүйкенің жүре пайда болған қасиет. Ол шартты рефлекс сияқты құрылады. Павлов шартты тежелуді өшіретін, ажырататын, шартты тежейтін және кешіктіретін деп 4 түрге бөлді.



# Жоғары жүйке іс-әрекеттің типтері

Сангвиник (ширақ)-мінезі жайдарлы, іскер, қызу қанды, пысық, көпшіл, елгезек, көңілшек адам.

Холерик (ұстамсыз)- албырт, қызба, ашушан, еліктегіш адам.

Флегматик (салмақты, инертті)-сабырлы, байсалды, енжар, сылбыр мінезді салмақты, шабан қимылды келеді.


Меланхолик (әлсіз)- жұмсақ мінезді, өкпешіл, дәрменсіз, мұнды, жасқаншақ, жауапкершіліктен сезкенгіш, дегенін орындата алмайтын, шалалық қасиеті болады.

# Жоғарғы жүйке іс-әрекеті

Жоғарғы жүйке қызметі мен негізгі процестерінің қалыпты қасиеттерінің әрекеттік ауытқулары көптеген жүйке ауруларына әкеліп соғады.

**Невроз**-жоғарғы жүйке қызметінің созылмалы әрекеттік бұзылуы. Оған себепші-ми қыртысы-қыртысасты немесе ми сыңарларының өзара қатысының келісімсіз жағдайлары, әр түрлі әрекеттік, оның ішінде вегетативтік жүйе қызметінің бұзылуы.

Адамдарда невроздың көп түрі болады, оның ішінде жиі кездесетіні **неврастения**, мезі қылатын күйдің неврозы, истерия және психастения. Павлов айтуынша **истерия**-көркемпаз типті адамға, ал **психастения**-ойшыл адамға тән келеді.



# 1-ші және 2-ші сигналдық жүйелер

Адам мен жануарларға ортақ жалпы қасиет-олардың қоршаған әлемнің құбылыстары мен заттарының тікелей нақтылы сигналдарына талдау және синтез жасау қабілеттері. Бұл- организмнің көру, есту және басқа рецепторларында қалыптасатын **1-ші сигналдық жүйесі**. Алайда адамдарда еңбек еті әлеуметтік даму кезінде тілімен байланысты **2-ші сигналдық жүйе** пайда болады. Бұл жүйе –естілген, айтылған және жазылған сөздерді түсіну.

1-ші және 2-ші сигналдық жүйелер бір-бірінен ажырамайды. Адамның барлық түйсіктері ұғыну, елестету қабілеттері, көптеген сезімдері сөз арқылы атқарылады. Сөз тұрақты шартты рефлекс жасай алатын күшті нығайту тітіркендіргіші болып саналады.